



V Ұлттық құрылтай және Жаңа Қазақстан: саяси сәулет, кеңес беру және институционалдық реформалар

PhD Жанар ТЕМІРБЕКОВА

Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ ректоры

Түркі халықтарында ежелден келе жатқан, тамыры терең “құрылтай” институты қазақтарда да тарихи тұрғыдан хандар мен ел ағалары маңызды шешімдерді ақылдаса отырып қабылдайтын үлкен ақыл-кеңес алаңы. Қазіргі кезеңде Ұлттық құрылтай осы дәстүрді заманауи басқару талаптарына бейімдейтін консультациялық әрі диалогтық алаң ретінде қалыптастырылды. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылы бастаған реформалық күн тәртібі аясында Құрылтай мемлекет пен қоғам арасындағы тұрақты консультацияны институционаландыруға, әлеуметтік келісімді, ұлттық бірлікті және қоғамдық саясаттағы инклюзивтілікті нығайтуға бағытталды. Құрылтайдың құрылуы Президенттің мемлекет тұжырымдамасын тұрақты механизмге айналдыруға бағытталған ұстанымының маңызды бөлігі болды (Ақорда, 2022).

Осыған байланысты V Ұлттық құрылтай 2026 жылғы 20 қаңтарда Қызылорда қаласында өтіп, Президент сөзінде айтылғандай, бұл жиын Жаңа Қазақстан тұжырымдамасының келесі кезеңіне өту саяси сәулетінің нақты көрінісі ретінде сипатталды (Ақорда, 2026; The Astana Times, 2026). Жиынның Қызылордада өткізілуі тек символдық мәнге ие емес; Президент сөзінде атап өткен Арал өңірі, су қауіпсіздігі және аймақтық даму сияқты нақты саясат тақырыптарымен мазмұндық тұрғыда үйлесім тапты (Ақорда, 2026). Құрылтай уақытын алдын ала бекіту және дайындыққа қатысты нұсқаулардың қоғамға жариялануы бұл жиынның жоғарғы әрі тұжырымдамалық консультациялық механизм ретінде ұйымдастырылғанын айқын көрсетеді.

Алғашқы төрт Ұлттық құрылтай алдыңғы тәжірибені қалыптастырып, кеңес беру алаңын институционалдық тұрғыда орнықтырды және бұл бесінші құрылтайда қаралған реформалық тақырыптарды жүйелі түрде талқылауға мүмкіндік берді. 2022 жылы Ұлытау қаласында өткен алғашқы құрылтайда Президент Жаңа Қазақстан тұжырымдамасының қоғамға кеңінен таралуы, ұлттық бірліктің нығаюы және реформалардың қатысымды платформада талқылануы маңызды екенін атап көрсетті (Ақорда, 2022). 2023 жылы Түркістан қаласында ұйымдастырылған екінші құрылтайда жауапты азаматтық ұғымы мен құндылықтар төңірегіндегі қоғамдық этика мәселесі басты назарға алынды. Сонымен бірге, жастар саясаты, білім және мәдениеттің жаңғырудағы рөлі айқын көрінді (Ұлттық Құрылтай, 2023). 2024 жылы Ақтау қаласында өткен үшінші құрылтай Әділ Қазақстан тұжырымдамасы аясында әлеуметтік әділет, еңбек және жалақы әділеттігі тақырыптарын басты назарға алып, қоғамның жаңғыруы

тек экономикалық көрсеткіштермен шектелмейтінін көрсетті (Ұлттық Құрылтай, 2024). 2025 жылы Бұрабайда ұйымдастырылған төртінші құрылтай қоғамдық тәртіп, ақпараттық экожүйе, құндылықтар және аймақтық даму сияқты кең тақырыптарды қамтыды. Бұл жиын Құрылтайдың қоғам пікірін жүйелі түрде анықтайтын консультациялық механизмге айналғанын дәлелдеді (Сәкенова, 2025). Барлық құрылтайлардың ортақ ерекшелігі – реформалардың тек техникалық түзетулермен шектелмей, қоғамда легитимділік қалыптастыруға бағытталуы деп бағаланады. Осы тұрғыдан алғанда, V Ұлттық құрылтай алдыңғы төрт отырыстың тәжірибесін ескере отырып, кеңес беру мүмкіндігі мен құндылықтар мен тәртіп арасындағы сабақтастыққа негізделген кешенді әрі тұтас институционалдық құрылым ретінде қарастырылуы тиіс.

V Ұлттық құрылтайдың ерекшелігі – реформаларды жекелей жариялау кезеңінен өтіп, мемлекеттік құрылымды ықшамдайтын және консультациялық механизмді қайта ұйымдастыратын тұтас жүйелі рамка ұсынуы. Президент Тоқаевтың сөзінде көтерілген конституциялық реформалар 1995 жылғы конституциялық модельден түбегейлі жаңа саяси жүйеге өтуге баса назар аудара отырып ұсынылды (Ақорда, 2026). Бұл тәсіл реформалардың бөлшектелген және кездейсоқ түзетулерден құралып қалмауын, керісінше, өзара толықтыратын институционалдық дизайн ретінде қарастырылатынын көрсетеді. Осы контексте екі стратегиялық мақсат айқындалады: біріншісі – өкілдік және теңгерімдік бақылау механизмдерін қарапайым, түсінікті және есеп беруге қабілетті ету; екіншісі – реформалық процесті белгісіздік тудырмай, қоғамның келісімі мен саяси тұрақтылықты сақтай отырып, нақты жүйеде жүргізу (Ақорда, 2026).

Осы тұрғыда ең көп талқылау туғызған мәселе – парламентті бір палаталы құрылымға көшіру және оған «Құрылтай» атауын беру бастамасы (Ақорда, 2026). Мұндай институционалдық қайта құру заң шығару үдерісін жеделдетуге әрі өкілеттік пен функционалдық қайталануларды қысқартуға мүмкіндік береді. Қазақстан сияқты қарқынды институционалдық өзгерістерді көздейтін мемлекеттер үшін шешім қабылдау тетіктерінің ықшамдалуы реформаларды іске асыру әлеуетін арттыратын маңызды фактор саналады (The Astana Times, 2026). Алайда мұндай оңтайландыру демократиялық сапаны әлсіретпеуі тиіс, сондықтан парламент ішіндегі бақылау тетіктерін күшейту шешуші мәнге ие. Осы тұрғыда Президент бұрынғы басқару кезеңдерінде қолданылған, Президенттің тікелей тағайындаған де-

путаттарына арналған арнайы контингентті, сондай-ақ Қазақстан Халықтары Ассамблеясына бөлінген квотаны толық алып тастауды ұсынды. Бұл бастама заң шығарушы органның институционалдық кемелденуіне және өкілдік теңдікке деген сенімнің артқанын білдіреді (Ақорда, 2026). Ұлттық құрылтайда Президент парламент мүшелеріне қосымша өкілеттіктер беру қажеттігін де көтерді; бұл қадам бір палаталы модель аясында заң шығару органының тепе-теңдік пен бақылау әлеуетін күшейтуге бағытталған (Ақорда, 2026). Атап айтқанда, Жоғарғы Сот судьяларын іріктеу тәртібінде және стратегиялық маңызы бар мекемелер басшыларын тағайындау кезінде парламенттің келісім беру өкілетін кеңейту мәселесі күн тәртібіне шығарылды (Ақорда, 2026). Мұндай институционалдық түзетулер бір палаталы құрылымның жеделдік артықшылығын қоғамдық мойындау мен есеп берушілік қағидаттарымен үйлестіру мақсатын көздейді.

Екінші маңызды өзгеріс – Ұлттық құрылтай мен Қазақстан халқы Ассамблеясының (АПК) орнын басуы жоспарланған Халық кеңесін құру жөніндегі ұсыныс (Ақорда, 2026). Президент Тоқаев аталған екі құрылымның тарихи миссиясын аяқтағанын атап, орнына кең әрі тұтас ұлттық диалог платформасын қалыптастыру қажеттігін білдірді (Ақорда, 2026). Халық кеңесінің 126 мүшеден тұруы; этномәдени бірлестіктерден, мәслихаттардан және қоғамдық ұйымдардан тең өкілдік қарастырылуы; мүшелерді Президенттің тағайындауы, ал төрағаның сол мүшелер арасынан сайлануы – инклюзивтілік пен басқарудағы тәртіпті қатар ұстануға бағытталған құрылымдық модель саналады (Ақорда, 2026). Сонымен қатар, Халық кеңесіне заң шығару бастамасы құқығын беру мәселесінің көтерілуі кеңесші органдардың тек символдық функциямен шектелмеуі қажеттігін айқындайтын маңызды белгі ретінде бағаланды (Ақорда, 2026). Бұл түзету Құрылтай тәжірибесінде жиі айтылған «ұсыныс көп, ықпал шектеулі» деген сынның алдын алуға бағытталған институционалдық дизайн ізденісі ретінде де түсіндіріледі. Құрылымды конституциялық кепілдікпен бекіту мәселесінің көтерілуі ұсынылған модельдің институционалдық сабақтастық пен болжамдылық мәселелеріне жүйелі жауап беруге бағытталғанын көрсетеді (Ақорда, 2026).

Үшінші маңызды тақырып – Президенттік орынбасар институтын енгізу және мұрагерлік тәртіпті нақтылау мәселесі. Президент Тоқаев орынбасардың Президенттің тағайындауы және парламенттің көпшілігінің мақұлдауы арқылы белгіленуін, сондай-ақ өкілдік, парламентпен өзара әрекеттестік және қоғамдық институттармен байланыс сияқты міндеттерді атқаруын ұсынды (Ақорда, 2026). Ең маңыздысы, Президенттік лауазым мерзімінен бұрын босалса, екі ай ішінде сайлау өткізу қағидаты өзгермейтін негізгі ереже ретінде бекітілді (Ақорда, 2026). Осы екі шара біртұтас қарастырылғанда, мақсат тек әкімшілік үйлестіру емес, сонымен бірге саяси жүйеде легитимділікті үздіксіз қамтамасыз ететін өтпелі қауіпсіздік механизмін қалыптастыру екені байқалады.

Құрылтайдың даму және бәсекеге қабілеттілік бағыты тұрғысынан цифрлық трансформация мен жасанды интеллект күн тәртібі бесінші жиынның болашаққа бағдарланған әлеуетін көрсетеді. Цифрландыру мен жасанды интеллекттің жаһандық күш баланстарын қайта

қалыптастырып, елдер арасында тек халық саны емес, бейімделу жылдамдығының шешуші рөл атқаратынын, сондай-ақ технологияға инвестиция тек жақсы басқару арқылы мағынаға ие болатыны атап өтілді. Бұл тәсіл технологияны өздігінен мақсат емес, құрал ретінде қарастыратын анағұрлым нақты әрі прагматикалық басқару шеңберін ұсынады (Ақорда, 2026). Бұл көзқарас цифрлық мемлекеттік жобаларда жиі кездесетін «технология бәрін шешеді» деген болжамды шектеуге мүмкіндік береді; себебі процесс жақсартылмай, институционалдық мәдениет пен мемлекеттік басқару қабілеті дамымайынша, цифрландыру тұрақты өнімділік беруі қиын (Жексенбай, 2026; Kaz.inform.kz, 2026). Сол себепті V Ұлттық құрылтайдың цифрлық күн тәртібі тек инновация мақсатына ғана емес, басқару реформасымен біріктірілген қолданбалы тәртіпке шақыру ретінде де бағалануы мүмкін.

Экономика және стратегиялық секторлар тұрғысынан энергия қауіпсіздігі мен су қауіпсіздігі тақырыптары Құрылтайдың Қызылорда сияқты экологиялық осал аймақта өткізілуімен айрықша мәнге ие болады. Құрылтайдың жалпы шеңбері елдің ұзақ мерзімді трансформациялық мақсаттарын (цифрландыру, өнеркәсіп, инфрақұрылым) сенімді энергия және ресурстарды басқарусыз жүзеге асыру мүмкін еместігін нақты көрсетті. Осы контексте Құрылтайда ұсынылған трансформациялық көрініс энергия мен стратегиялық секторлар шеңберінен асып, елдің ұзақ мерзімді дамуының негізін құрайтын адам капиталының нығаюына, сондай-ақ осы бағытта білім, ғылым және жоғары технологияға салынған инвестициялардың нақты нәтиже беруіне бағытталған (Ақорда, 2026).

V Ұлттық құрылтайдың ерекшеліктерінің бірі – реформалық дискурсты тек институционалдық түзетулермен шектемей, оны тарихи және интеллектуалдық сабақтастық аясында қайта мағыналау әрекеті. Осы тұрғыда Құрылтайда айтылған әділ азамат тұжырымдамасы Абайдың «тұтас адам» ілімімен және Қожа Ахмет Яссауидің моральдік негіздегі дүниетанымымен байланысты айқын интеллектуалдық желіні көрсетеді. Құрылтайдың бұл тәсілі трансформацияны техникалық модернизация процесі деңгейінен шығарып, оны ұзақ мерзімді әрі құндылыққа негізделген әлеуметтік қайта құру ретінде орнықтырады.

Шындығында, Құрылтайдың тек кеңес беру деңгейінде ғана емес, нақтызандық нәтижелер шығаратын механизмге айналуы осы тәсілдің институционалдық әлеуетпен нығайтылғанын көрсетеді. Бұл интеллектуалдық сабақтастықтың қазіргі заманғы деңгейдегі негізгі тасымалдаушылары арасында университеттердің айрықша орны бар (Темірбекова, 2026).

Болашақтың кепілі болған жастардың елдің адам капиталына қосатын үлесін арттыруда университеттердің маңызды рөл мен жауапкершілігі бар. Цифрландырудың, жаһандық бәсекелестіктің және көпқабатты әлеуметтік трансформация үдерістерінің қарқынды дамып отырған қазіргі кезеңде жас ұрпақ тек техникалық біліммен ғана емес, сонымен қатар тарихи санамен, көптілділікпен және қоғамдық жауапкершілік сезімімен тәрбиеленуі стратегиялық қажеттілікке айналууда. Осы тұрғыда университеттер заман талабына сай білім мен дағдыларды беру арқылы жеке тұлғалардың әлеуметтік жауапкершілік пен қоғамдық тәуелділік санасын да күшейтуді мақсат етуі тиіс.

Бұл миссияны нақты жүзеге асыратын жетекші мекемелердің бірі – Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік Университеті. Университет бүгінге дейін дайындаған түлектері арқылы тек Қазақстанның ғана емес, жалпы Түрік әлемінің адам капиталының дамуына елеулі үлес қосып келеді. Жоғары оқу орны жүргізіп отырған инновациялық білім беру және ғылыми-зерттеу қызметтері арқылы жастарды заманауи біліммен қамтамасыз етумен қатар, ортақ тарих, мәдениет және құндылықтар негізінде тұтастанған болашаққа бағытталған стратегияның қалыптасуына да үлес қосуда. Президент Тоқаевтың «Әділ Қазақстан» мақсатына сәйкес, университет әділдік, жауапкершілік және қоғамдық игілікті басты орынға қоятын тұлғаларды даярлауды негізгі қағида ретінде қабылдаған. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік Университеті тек қана жоғары оқу орны емес, елдің және түркі әлемінің тұрақты дамуы мақсаттарына үлес қосатын стратегиялық маңызы бар актор ретінде ерекшеленеді.

Барлық аталған тақырыптар біртұтас талданған кезде, V Ұлттық құрылтайдағы баяндаманың саяси құрылымды қайта ұйымдастыру, қоғам мен мемлекет арасындағы кеңес беру механизмдерін күшейту, экономикалық трансформация аясында цифрландыру мен басқару әлеуетін арттыру сияқты бірнеше реформалық бағытқа бір мезгілде назар аударғаны көрінеді. Бұл тәсіл реформаларды тек жария ету немесе танымал ету мақсатында емес, институционализация арқылы құрылымдық және жүйелі реформалық дискурс қалыптастыруға бағытталған. Реформалардың тиімділігі бірнеше өлшем бойынша бағаланады: ұсыныстардың референдум және заңдық рәсімдер арқылы легитимділік алуынан кейін жаңа институттардың практикалық есеп берушілігі; парламенттің кеңейген өкілеттіктері аясында сот және бақылау салаларындағы тиімді рөлі; сондай-ақ Халық кеңесінің кеңесті нақты саясатқа айналдыра алу қабілеті (Ақорда, 2026; Жексенбеков, 2025; Жексенбай, 2026).

Қорытындылай келе, V Ұлттық құрылтай ұсынған реформалар «Жаңа Қазақстан» көрінісін жүйелі әрі басқаруға қолжетімді шеңберге енгізу ізденісі ретінде сипатталады. Халық кеңесі кеңестің тұрақтылығын конституциялық кепілдікпен қамтамасыз етуге бағытталса, бір палаталы парламент пен жаңа өкілеттік бөлінісі шешім қабылдау үдерісінде жылдамдық пен тепе-теңдікті қамтамасыз етеді. Президенттік орынбасар институты және мұрагерлік жүйе демократиялық легитимділіктің сайлау арқылы жаңартылуын қамтамасыз ететін қорғаныс механизмі ретінде қызмет етеді. Бұл реформалардың ортақ мақсаты – Қазақстанның жаһандық белгісіздік жағдайында ішкі тұрақтылығын нығайту және даму мақсаттарын тұрақты ету. V Ұлттық құрылтайдың оң және құрылымдық мұрасы реформалардың тек жарияланған мақсаттар ретінде қалмай, институттардың тиімді жұмысы арқылы қоғамдық сенімге айналуы, осы реформалық процестің нақты әрі ұзақ мерзімді табысына кепіл болатынымен айқындалады.

Дереккөз:

Akorda (2022). Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың I отырысында сөйлеген сөзі. Сілтеме: https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyyn-ulttyk-kuryltaydyn-i-otyrysynda-soylegen-sozi-165458?utm_ Қаралған күні: 22.01.2026.

Akorda (2026). Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың V отырысында сөйлеген сөзі. Сілтеме: <https://akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyyn-ulttyk-kuryltaydyn-besinshi-otyrysynda-soylegen-sozi-2005352>. Қаралған күні: 22.01.2026.

Жексенбай, Бибігүл (2026). Ұлттық құрылтай – қоғам трансформациясының арқауы. Сілтеме: <https://egemen.kz/article/404008-ulttyq-quryltay-%E2%80%93-qogham-transformatsiyasynynh-arqauy>. Қаралған күні: 22.01.2026.

Kaz.inform.kz (2026). 2026 жыл Цифрландыру және Жасанды интеллект жылы деп жарияланды–Мемлекет басшысы. Сілтеме: <https://kaz.inform.kz/news/2026-zhil-tsifrandiru-zhane-zhasandi-intellekt-zhili-dep-ataladi-memleket-basshisi/>. Қаралған күні: 22.01.2026.

Сакенова, Сания (2025). Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ертең Төртінші Ұлттық құрылтайға сөз сөйлейді. Сілтеме: https://astanatimes.com/2025/03/president-tokayev-to-address-fourth-national-kurultai-tomorrow/?utm_ Қаралған күні: 22.01.2026.

Темірбекова, Жанар (2026). Әділеттілік және трансформациялық көшбасшылық ұстанымы. Сілтеме: https://egemen.kz/article/403638-adilettilik-dgane-transformatsiyalyq-koshbasshylyq?fbclid=IwdGRzaAPgGL9jbGNrA-AYumV4dG4DYWVtAjExAHNydGMGYXBwX2lkDDM1MDY4NTUzMTCyOAAABHmNfGhULHeCFBabBrcOWg2AiUvPzzc4doky8JUIK9ik2BZkgWWedwk0n8jL_aem_EwfCLvGh4iFZL9fq-gin-g&sfnsn=wa. Қаралған күні: 22.01.2026.

Astana Times (2026). Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайда Жаңа Қазақстанның саяси сәулетін таныстырды. Сілтеме: https://astanatimes.com/2026/01/tokayev-unveils-new-kazakhstans-political-architecture-at-national-kurultai/?utm_. Қаралған күні: 22.01.2026.

Ұлттық құрылтай (2023). Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзі. Сілтеме: <https://quryltai.kz/kk/article/vystuplenie-glavy-gosudarstva-na-ii-zasedanii-natsionalnogo-kurultaya>. Қаралған күні: 22.01.2026.

Ұлттық құрылтай (2024). Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың III Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзі. Сілтеме: <https://quryltai.kz/kk/article/vystuplenie-glavy-gosudarstva-na-iii-zasedanii-natsionalnogo-kurultaya>. Қаралған күні: 22.01.2026.

Жексенбеков, Алмас (2025). Қазақстанның Ұлттық құрылтайында саяси реформалар алдыңғы қатарға шығады. Сілтеме: https://qazinform.com/news/political-reforms-take-center-stage-at-kazakhstans-national-kurultai-54c8dc?utm_. Қаралған күні: 22.01.2026.